Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

30 қыркүйек сенбі
№77 (1984)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ГЕРМАНИЯ САПАРЫ ҚАЗАҚСТАНҒА НЕ БЕРЕДІ?

Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германияға барды. Жалпы бұл сапардың елге нендей пайдасы бар? Жуырда ғана АҚШ-қа барған Қазақстан Президенті Германияда ел мүддесі үшін қандай келісімдерге қол жеткізді? Германия сапары хақында елге ұсынатын ақпарат көп. Бірақ соның ішінен Қазақстан Президенті мен Германия Федералдық Канцлерінің кеңейтілген құрамда жүргізілген келіссөзге тоқталғанды жөн санадық.

Еуропа одағындағы негізгі серіктес

Келіссөз барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше құрмет көрсеткені үшін Германияның Федералдық Канцлері Олаф Шольцке ризашылығын білдіріп, еліміздің Еуропа Одағындағы негізгі серіктесі – Германиямен арадағы ынтымақтастықты дамытуға Қазақстан айрықша мән беретініне назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, Астана мен Берлин барлық деңгейде белсенді әрі өзара сенімді саяси диалог жүргізіп келе жатыр және көпжақты алаңдар аясында тығыз қарым-қатынас орнатқан.

Бүгінде Германия – Қазақстан экономикасына қаржы құйған жетекші инвесторлардың және ең ірі сауда серіктестерінің бірі. Германияның Орталық Азия өңірімен сауда-саттығының шамамен 83 пайызы Қазақстанның үлесіне тиесілі. 2022 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 25 пайызға өсіп, 2,8 миллиард долларды құрады. Мемлекет басшысы сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтудың әлеуеті зор және отандық нарыққа Германия бизнесінің барынша көбірек келуі үшін Қазақстан барлық қажетті жағдайды жасауға дайын екенін атап өтті. Мұнай-газ химиясы, сирек кездесетін металлургия өнеркәсібі, «жасыл» энергетика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салалары басым бағыттар ретінде анықталды.

2 БЕТТЕ

АНАЛАР ҚҰРМЕТІНЕ АШЫЛҒАН ОРТАЛЫҚ

Аймақ мерейтойы қарсаңында ел игілігіне берілген тағы бір нысан – «Анаға тағзым» орталығы. Құны 1,5 млрд теңгені құраған заманауи үлгідегі орталықта жас отбасыларға, қыз-келіншектерге, балаларға ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді жаңғыртуға мүмкіндік берілмек. Ғимарат ішінде қыз-келіншектерге арналған арнайы бөлмелер, тұрмысқа және қонақ күтуге баулу, жан-жақты психологиялық көмек беру кабинеттері жұмыс істейді. Бұдан басқа шығармашыл жандарға арналған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы және жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері бар.

2 БЕТТЕ

БАРЛЫҚ ИГІЛІК ЕЛ ҮШІН

1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай аймақта ардагерлерге құрмет көрсетілді. «Қарттарым – асыл қазынам» атты шараға облыс бойынша түрлі салада еңбек еткен 60-қа жуық ардагер жиналды.

Мереке қарсаңында ұйымдастырылған жиында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбетов ардагерлерге қаладағы қайта жаңғыртылған, жаңадан бой көтеріп жатқан бірқатар әлеуметтік нысанның құрылыс жұмысын таныстырды. Қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан теміржол вокзалынан бастау алған шара әрі қарай Ә.Мүсілімов атындағы №101 меткеп-лицейінде жалғасты. Биыл аталған білім ошағының жанынан 375 орындық бастауыш сыныптарға арналған қосымша ғимарат бой көтерген болатын. Білім күні қарсаңында ел игілігіне берілген білім ошағы заманауи талаптарға сай жабдықталған. Жас өрендердің сапалы білім алуы, шығармашылық дамуы үшін барынша мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау, дыбыстық хабарлау құрылғылары орнатылған.

2 БЕТТЕ

ЖАҢА ӨМІРГЕ ЖОЛ БАСТАЙТЫН ҒИМАРАТ

Аймақтың 85 жылдық мерейтойы және қарттар күні мерекесі қарсаңында құрылысы былтыр басталған «Неке сарайы» пайдалануға берілді. Халық көптен күткен салтанатты шараға ардагерлер қауымы да куәгер болды. Аумағы 2 мың шаршы метрден асатын ғимарат жобасының құны 1 млрд 600 млн теңгені құраған. Жастардың жұбайлық өмірге қадам басқан шағын салтанатты түрде өткізіп, неке қию рәсіміне арналған нысан отбасы құндылығын, ұлттық тәрбиені дәріптеуге бағытталмақ.

«Неке сарайының» ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

– Қадірлі жерлестер! Баршаңызды «Неке сарайы» ғимаратының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Дана халқымызда «Отан – отбасынан басталады» деген ұлы қағида бар. Отанды сүюге тәрбиелейтін бірден-бір орта ол – отбасы. Отбасында жарасым, сүйіспеншілік, мейірім болса ғана шаңырағы биік, керегесі кең болады, түтіні түзу шығады. Аймақтың мерейтойы қарсаңында бүгін жұмысын бастаған «Неке сарайында» қиылған әрбір неке баянды, берік болғай. Жас отбасылар қуанышы көбейе бергей. «Неке сарайы» ғимараты құтты болсын! – деді аймақ басшысы.

2 БЕТТЕ

Биыл облыстың құрылғанына 85 жыл толса, қаламызға – 205 жыл. Осы ретте қаламызды Қызылорда деп кім атағанын айта кеткенді жөн көрдік.

ҚЫЗЫЛОРДА АТАУЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Тарихи деректерде Ақмешітте 1925 жылдың сәуірінде Қазақ АКСР кеңестерінің V съезі өткені жазылған. Съезде екі тарихи шешім қабылданған. Олар – ресми құжаттарда қырғыз аталып келген ұлт атауын қазақ етіп, тарихи қателікті жөндеу және Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгерту.

Ұлтқа келгенде бәрі түсінікті, ал Қызылорда атауы ше? Тарихшы Х.Тұрсынның «Алаш қозғалысының оңтүстік қанаты» атты еңбегіне Дінше Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабы енгізілген. Онда: «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты» делінген. Бұдан Қызылорда атауын съезде көпшілікке ұсынған Қожанов болса, ойлап тапқан Қожықов екенін көреміз.

Бейресми деректерде бұл атауға Бөкейханов пен Байтұрсыновтың разы болғаны айтылады. Себебі Қызылорданың мағынасы Алтын-Ордаға саяды.

Қызылорда бүгінде ерекше кейіпке еніп келеді. Салынған үйлер мен жолдарды айтпағанның өзінде, «Анаға тағзым», «Неке сарайы» пайдалануға берілсе, «Өнер орталығы» аяқталуға жақын. Жылу электр станциясы бой көтермекші, жаңа әуежай терминалы да салынуда. Осыдан-ақ Қызылорданың алып құрылыс алаңына айналғанын аңғаруға болады.

Мерекеңмен, Қызылорда! Өркендей бер!

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

АМАНАТ ЕТІЛГЕН ЕСТЕЛІК

... 1988 жылдың 27 желтоқсан күні кешкі сағат 18:00-де Алматыдағы орталық концерт залында Темірбек Жүргеновтің туғанына 90 жыл толуына арналған еске алу кеші өтті. Игі шараға туған жерінен арнайы ұйымдастырылған бір топ делегация қатысқан еді. Олардың ішінде Ө.Тұңғышбаев, Т.Аштанбаева, А.Маханов, Ж.Нұржанов, М.Қараева сынды басқа да ауыл азаматтары бар еді. Делегация құрамында мен де бармын. Жол жүріп пойыздан түскен бізді күтіп алушылар Дәмеш апамыздың отбасына алып барды. Сол үйдегі арнайы жайылған дастарханнан дәм татып, апамызбен ұзақ уақыт сөйлесіп, әңгімесін үнсіз отырып тыңдағанымыз есімде. Қонақтарды арнайы дайындалған қонақ үйге алып барып, жайғастырған мемлекеттік қызметкерлер ертеңгі күнге сәттілік тіледі.

4 БЕТТЕ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қадірлі оқырман!

Өздеріңіздің рухани серіктеріңіз – «Ақмешіт апталығы» газетіне жазылу құны бірнеше жылдан бері өзгерген жоқ. Әйтсе де нарықтық жағдай басылымға жазылу құнын қайта қарау қажеттігін туындатып отыр. Басты себеп – кейінгі екі жылда газет шығаруға жұмсалатын қағаз, бояу, пластина бағасының екі-бес есе аралығында қымбаттауы. Енді санаулы уақытта алдағы жартыжылдыққа баспасөзге жазылу науқаны басталатынын ескере отырып, жазылым бағасын жеке тұлғалар үшін 2500 теңгеден 3000 теңгеге мекемелер үшін 3000 теңгеден 3500 теңгеге көтеру қарастырылды. Бұл өзгеріске оқырмандар түсініктік танытады деп сенеміз.

Құрметпен, «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы

ГЕРМАНИЯ САПАРЫ ҚАЗАҚСТАНҒА НЕ БЕРЕДІ?

Немістер біздің мұнайға да қызығушылық танытып отыр

Ақпарат көздеріне сенсек, Қазақстан жыл басынан бері Германияға «Достық» мұнай құбыры арқылы 500 мың тонна мұнай жөнелткен. Қазақстан басшысы БАҚ өкілдеріне берген брифингінде: «Германиялық достарымыздың өтініші бойынша жеткізілетін мұнай көлемін ұлғайтуға, оның ұзақмерзімді болуын қамтамасыз етуге еліміздің дайын екенін растадым», – деді.

Демек, немістердің біздің мұнайға қызығушылық танытып отырғаны анық. Негізі Германия тарапы Қазақстанға 5 млн тонна мұнайға тапсырыс берген. Біз бұл туралы жыл басында газетіміздің №2 санына жарияланған «Немістер қазақ мұнайына тапсырыс берді» деген мақаламызда жазғанбыз. Тапсырысты германиялық тарап өткен жылдың соңында жасаған.Оған дейін Германияның Ресей мұнайынан бас тартып, оны Қазақстан өніміне алмастыратыны жайлы ақпарат тараған.Тіпті өткен жылдың мамыр айында геосаяси жағдайға байланысты көптеген неміс компаниясының Ресейден Қазақстанға ауысатыны айтылған. «ҚазАқпарат» ақпарат агенттігіне жарияланған бұл хабарды Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарушы директоры Михаэль Хармс мәлімдеген. Сол тұста елордада қазақстандық-германиялық бизнес-форум өткені белгілі. Герман өкілі әлгіндей мәлімдемені осы форумда жасады.

Германияға сапарында Қасым-Жомарт Тоқаев нақты қадам ретінде жеке неміс

Басы 1-бетте

инвесторлары қатысатын жобаларды қаржыландыру бойынша екіжақты жұмыс тобының қолдауымен шикізатты бірлесе игеру жобаларын іске асыру жөніндегі консорциум құруды ұсынды.

Көлік-транзит саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Германия тарапын Транскаспий бағытының әлеуетін пайдалануға, сондай-ақ Каспийдегі Ақтау және Құрық порттарының инфрақұрылымын дамыту ісіне қатысуға шақырды. Сонымен қатар неміс тарапын жаңартылатын энергия көздерін, соның ішінде «жасыл» сутегін дамыту үшін анағұрлым тығыз қарым-қатынас орнатуға үндеді.Бұл ретте Маңғыстау облысында Svevind Energy неміс-швед компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан «жасыл» сутегін өндіру жобасының маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар Президент неміс әріптестерінің назарын Қазақстан азаматтарына қатысты виза режимін жеңілдету мүмкіндіктеріне аударды.

Германия ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі

Берлиндегі келіссөз барысында Федералдық Канцлер Олаф Шольц Германия тарапының Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін растады. Канцлер Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды толық қолдайтынын әрі оған оң баға беретінін жеткізді. Канцлердің пікірінше, заң үстемдігін қамтамасыз ету – елді орнықты дамытудың және шетелдік инвесторларды қолдаудың ең басты шарты.

Германия тарапы Қазақстанмен арадағы сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды нығайтуға дайын екенін нақтылады. Атап айтқанда, мұнай жеткізу көлемін ұлғайтуға, жеткізу тізбегін әртараптандыруға және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қызығушылық танытты. Сондай-ақ «Жасыл» энергетиканы пайдалану және климат мәселесін бірлесіп ілгерілету бағытында қарқынды қарым-қатынасты жолға қою қажет екеніне назар аударды. Екі елдің шағын және орта бизнес өкілдері үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында бірлескен жұмысты жандандыруға баса мән берілді.

Ақордадағы әріптестердің хабарлауынша, Қазақстан Президенті Германияға сапарында сол елдің федералдық канцлері Олаф Шольцпен және іскер топ өкілдерімен кездесіп, бірқатар келіссөз жүргізген. Бұдан бөлек Berlin Global Dialogue форумына қатысып, «Көшбасшылар диалогы» сессиясында Қазақстанның жаһандық экономикалық процестердегі рөлі туралы көзқарасын айтқан. Бұл форумға Германияның Федералдық Канцлері Олаф Шольц, Еуропалық Кеңестің Президенті Шарль Мишель, Бельгияның Премьер-министрі Александр де Кроо, Албанияның Премьер-министрі Эди Рама және басқа да жоғары лауазымды саясаткерлер, халықаралық компаниялар мен қаржы институттарының басшылары қатысты.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

АНАЛАР ҚҰРМЕТІНЕ АШЫЛҒАН ОРТАЛЫҚ

Орталықтың ашылуына қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– Қадірлі жерлестер, ардақты аналар, құрметті қонақтар! Баршаңызды ең алдымен Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын. Тамырын тереңге тартқан, сан ғасырлық тарихы бар шежірелі Сыр елі облыс болып құрылған осы жылдардың ішінде дамудың түрлі сатысынан өтіп, жаңару мен жаңғырудың жолына бет алды. Кейінгі жылдары өңірімізде туған жерімді түлетсем деген жаны жомарт, жүрегі мейірімге толы азаматтар көптеп шығуда. Жанашыр азаматтардың қолдауымен, демеушілігімен аймағымызда көптеген әсем ғимарат бой көтеруде. Бүгін облысымыздың 85 жылдық ме-

Басы 1-бетте

рейлі мерекесі аясында «Анаға тағзым» орталығы ел игілігіне табысталады. Аналарымыздың құрметіне салынған «Анаға тағзым» орталығы аймақ жұртшылығына жомарттығымен танымал белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен бой көтерді. «Анаға тағзым» орталығы – балауса бойжеткен, қыз баладан бастап ардақты асыл әжеге дейін бас қосатын талбесік тәрбие мектебі. Орталық арқылы ақылды да парасатты аналарымыз бен инабатты келіндеріміздің өнегелі ісінен, салмақты сөзінен тәжірибе жинаған жастарымыздың келешегі кемел болып, мықты отбасылар қатары көбейетіні сөзсіз. Барша Сыр жұртшылығы атынан туған жерінің жанашыр азаматы Марат Базарбайұлына шексіз алғысымызды, ризашылығымызды білдіреміз, – деді.

Орталықтың ашылу салтанаты шарасында облыс әкімі қаланың өсіп-өркендеп гүлденуіне үлес қосып, демеушілік жасап жүрген перзенті, «Парасат» орденінің иегері Марат Дүйсенбаевқа Құрмет грамотасын табыстады.

А.СЕЙІЛ

ЖАҢА ӨМІРГЕ ЖОЛ БАСТАЙТЫН ҒИМАРАТ

Облыс әкімі ашылу салтанаты барысында қаланың өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген кәсіпкерлерге, заманауи ғимараттардың бой көтеріп, уақытылы ел игілігіне берілуіне жұмыс жасаған барша құрылысшы азаматтарға алғысын білдірді. Сондай-ақ шара аясында қала құрылысының дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар азамат облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, алғыс хатымен марапатталды.

Неке қию рәсімі кез келген жас жұбайлар үшін ерекше толқынысты әрі есте қаларлық сәт. Мұндай айрықша күнді зәулім ғимарат ішінде атап өту кімге болса да қуаныш сыйлайтыны анық. Мерейлі сәтті асыға күткен жандар үшін «Неке сарайының» лентасы қиылды. Салтанатты шарада отбасы құндылығын сақтап, өнегелі өмірімен көпке үлгі болған, биылғы «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық байқауының республикалық кезеңінің лауреаты атанған Смағұловтар әулетінің бәйтерегі Қабақ Смағұлов жиналған көпшілікке ақ батасын берді.

Басы 1-бетте

Айдана САЙДУЛЛА

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

БАРЛЫҚ ИГІЛІК ЕЛ ҮШІН

Мұнан соң ардагерлер Абай даңғылы бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің ауласындағы абаттандыру жұмысымен танысты. Жаңа кейіпке енген аулада 4 автотұрақ, 8 демалыс орны, 4 ойын, спорт және футбол алаңдары салынып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған. Ал оның жүзеге асуына демеушілердің қолдауы сеп болған.

Биыл аймақта 7 қабатты тұрғын үйлердің іргесі қаланды. Құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан тұрғын үй аумағына ат басын бұрған ардагерлер бастамаға сәттілік тіледі. Сол жағалауда салынып жатқан 7 қабатты тұрғын үйлер 504 пәтерден тұрады. Жоспар бойынша әрбір үй лифтімен қамтамасыз етіледі. Тұрғын үйлер келер жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Басы 1-бетте

Қала аумағындағы құрылыс аумақтарын аралаған ардагерлер қауымы мұнан соң «Қорқыт ата» әуежайы терминалының құрылыс алаңына барды. Халықаралық стандарттарға сай бой көтерген жаңа әуежай терминалы жылына 220 мың жолаушыны қабылдайтын болады. Сондай-ақ жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаймақ. Жоба құны 25 миллион долларды құрайды. Ал 7500 шаршы метрлік алаңы бар терминалда телескопиялық трап екі қабатты болады. Жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға да ыңғайлы болуы үшін эскалаторлар мен лифттер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету үшін өзін-өзі тіркеу бағандары орнатылып, жүктерді беру және өңдеу автоматтандырылады деп күтілуде. Меценат «Болат Өтемұратов қоры» іске асырып жатқан әуежай құрылысы келер жылы аяқталады. Ал облыс әкімдігі бөлген 5 млрд теңге қаражатқа әуежай аумағы абаттандырылып, қажетті инфрақұрылым жүргізіледі.

Осы күні облыс орталығындағы «Неке сарайы» мен «Анаға тағзым» орталығы ашылып, ардагерлер оған да қатысты.

Жаңа ғимараттардың ашылу салтанатына куәгер болып, қала құрылысының барысы мен дамуын бағамдаған аймақ ардагерлеріне арналған шара мұнан соң «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік жиынға ұласты.

А.ӘЛІМ

ҚАРИЯЛАР ӨНЕГЕСІМЕН ҮЛГІ

Өмірдің барлық сатысынан өтіп, еңбек еткен қариялар бүгінде зейнетке шыққанмен әлі де тыным таппай кейінгі ұрпаққа өз өнегелерін көрсету үшін белсенді де, салауатты өмір сүру дағдысын насихаттап келеді. Қиын заманнан сабақ алған қарттардың бойындағы асыл қасиетін, өнерін, өнегесін кейінгі буын жастар көріп, бойына сіңірсе нұр үстіне нұр болар еді.

Бүгінде Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесі өңіріміздегі ардагерлердің қоғамдық-саяси шараларға белсене қатысуына барынша ықпал етуде. Аға буын өкілдері халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, жастар тәрбиесі мен басқа да мәселелердің оңтайлы шешімін табу мақсатында талай игі іске ұйтқы болып жүр. Аймақта ардагерлердің ұйымдастыруымен түрлі іс-шаралар өтуде. Жыл бойына атқарылатын жұмыс жоспарын бекіткен олар аймақта болып жатқан әр мереке мен айтулы күндерге өнерімен тарту жасап, қайырымдылық шараларына белсене атсалысып келеді. 1 тамыздан бастап өтіп жатқан «Мектепке жол» акциясы аясында және «Білім күніне» орай «Бар жақсылық – балаларға» атты бастамамен облыстық ардагерлер кеңесі қалаға қарасты кент және ауылдық округінде тұратын отбасы аз қамтылған балаларға арнап қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырған. Бұл іс-шара қаладағы әртүрлі саланың бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары мен білім саласының өкілдері және ата-аналар, қала тұрғындарын қамтыған.

– Өздеріңіз білесіздер, елімізде жыл сайын «Мектепке жол» акциясы тұрақты түрде өтіп келеді. Біздің аймағымызда да биыл бұл акция өте жоғары деңгейде өтуде. Алдымен осы акцияны өткізуде ешкімнің айтуынсыз қолдау білдіріп жатқан демеушілерге, ел азаматтарына алғысымды білдіремін. Шариғатта «Жерде бір бала қуанса, көктегі періштелер жақсылық жасаушыны мың бір бәледен қорғайды» деген екен. Әрбір сауапты істе ел болып ұйыса білуіміздің өзі, осындай жақсы істеріміздің көптігінен болар деп ойлаймын. Қашанда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» болмақ. Осындай бірліктен елімізді айырмасын. Еліміздегі осал топтардың балаларына қолдау көрсету, олардың қатардан қалмай мектепке баруына жағдай жасау, балаларға шаттық, қуаныш сыйлау, қайырымдылық көрсете білу әрбір көкірегі ояу, іскер азаматқа тән қасиет деп білеміз, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев.

Аталған шарада облыстық ардагерлер кеңесі атынан кент пен ауылдан келген аз қамтылған отбасындағы 20 балаға сапалы білім алумен қатар, салауатты өмір салтын ұстауда денсаулығын шыныктыра түссін деген мақсатпен спорттық киімдер табысталып, тегін балмұздақ таратылған.

Облыстық ардагерлер кеңесі аймақтағы қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене қатысып, елді ауызбірлікке бастауда, жастарды тәрбиеге бағыттауда өз үлестерін қосып келеді.

Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Көне ғасыр күмбірі» атты жыршы-термеші ардагерлер арасында облыстық байқау өткізілген. Шарада Қызылорда қаласы мен аймақтағы барлық ауданнан келген ардагерлер ұлттық өнерді дамытып, жыр-терменің тәрбиелік мәнін дәріптеп, сахна төрінде бақ сынаған. «Дала өркениетінің көне мәдениеті», «Ескірмейтін есті сөз» кезеңдері бойынша өнер сайысына түсті. Жарыс қорытындысында Қармақшы ауданынан келген қос термеші ардагерлер Қ.Кәрібаев пен А. Асқарбаев 1-2 орынды бөліссе, жүлделі 3 орынды қызылордалық А. Шобанбаев иеленген. Жүлдегерлерге облыстық ардагерлер кеңесінің дипломы және қаржылай сыйлық, қатысушыларға алғыс хат пен ынталандыру сыйлығы тапсырылды.

Сондай-ақ ардагерлер кеңесі аналардың қоғамдағы беделін көтеру, ұлттық өнерді насихаттау мен тұлғаны тәрбиелеу мақсатында «Ақ жаулығым – тұмарым» атты әжелер ансамблінің облыстық байқауын ұйымдастырған. Байқауға облыс орталығы мен аймақтың барлық ауданынан 100 ардагер ана, 10 әжелер ансамблі қатысқан. Шара «Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда» өсиеттік көрінісі, «Қолөнер – зор өнер» әжелердің қолөнер бұйымын таныстыру сәті, «Ән – халық мұрасы» халық әндерін орындау секілді 3 кезеңге бөлінген. Жарыс қорытындысымен 1-ші орынды жалағаштық «Асыл әжелер», 2-інші орынды шиелілік «Ақ әжем – алтын қазынам», 3-інші орынды сырдариялық «Ару ана» әжелер ансамбльдері иемденген. Жүлдегерлер облыстық ардагерлер кеңесінің дипломы және ақшалай сыйлықпен, қатысушы ансамльдер алғыс хат пен ынталандыру сыйлығын алған.

– Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс аясында да ардагерлер қауымымен бірталай шара өткіздік. Мәселен, ардагерлер арасында тарелкаға мылтық атудан облыстық жарыс өтті. Осы жарыста ардагерлердің ептілігі мен мергендігіне риза болдық. Жарыс өте тартысты өтті. Нәтижесінде 1-інші орынды жаңақорғандық Батырбек Сансызбаев, 2-інші орынды сырдариялық Жақсылық Байманов, 3-інші орынды қызылордалық Кәжденбек Бекманов сынды әуесқой мерген қариялар алып, облыстық ардагерлер кеңесінің дипломы мен ақшалай сыйлығына ие болды. Қалған қатысушыларды да назардан тыс қалдырмай, облыстық ардагерлер кеңесінің алғыс хаты мен ынталандыру сыйлығын табыстадық. Ардагерлер кофе брейк пен түскі ас барысында ыстық ықыласпен сұхбаттасып, ардагерлер қозғалысын дамыту бойынша өз ойларымен бөлісті, – дейді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

«Есік алдында төбе болса,
Ерттеп қойған атпен тең.
Ауылында қария болса,
Жазып қойған хатпен тең» дейді халық даналығы.

Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Оларға құрмет пен қошемет толастамайды. Қиын сәттерде елге – қорған, ұлтқа – үлгі болған, өздерінің өсиеті мен өнегесін жастарға насихаттап, ғасырдан ғасырға тағылымын жеткізіп, ұлт болашағына үн қосқан қарияларымыздың өнегесімен бүгінде ұлағатты ұрпақ өсіп келеді.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Н.ЕЛТАЙ – 70

САТИРА САРДАРЫНА ҚҰРМЕТ

Сатира жанрының ерекшелігі сол, күлдіре отырып-ақ күңірентіп жібереді. Қазақы қалжың болғанмен, қамшымен осып жібергендей әсер береді. Сатира десе, «Ара» журналы еске түседі. Кейбір мерзімді басылымдарда сын-сықақ, әзіл-оспақ, фельетон сынды шығармаларды халық сүйсіне оқитын. Сын садағына ілінгендер қоғамда қызу талқыға түсіп, тәртіптік шара көріп жататын.

Ең кереметі, сол айтылған сыннан дереу қорытынды шығып, кемшілік қалпына келтірілетін. Газеттің соңғы беті сатиралық жанрға арналып, тұрақты айдармен шығатын.

Оқырман мен көрерменнің бүгінгі сатира әлемінен Қалтайдың қағытпа қалжыңын, Уайдиннің уытты тілін, Оспанханның осып түсер сарказмын, Шонаның шақпа әзілін іздеп жүргені жасырын емес.

Ол кезде сынға ұшыраған мекеме басшылары қызметтерімен қимай қоштасып, керек десеңіз сотталып та кететін. Сондай бір заман еді. Газеттердің пәрмені күшті болатын.

Сыр бойында сатира жанрында қалам тартқан Асқар Тоқмағамбетов, Қалтай Мұхамеджанов, Сақтапберген Әлжіков сынды қаламгерлердің есімін ел білетін. Ал қазір бұл жанрға Қазыбек Әшірбек, Нұрмахан Елтай, Орынбасар Әлжіков, Нұрлан Көбегенұлы қалам тартып жүр. Бір қуанарлық жаңалық, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Нұрмахан Елтай және Орынбасар Әлжіков жақында облыс әкімі тағайындаған «Тұран» сыйлығын иеленді.

Ақын, жазушы Нұрмахан Елтай жүгі ауыр сатира жанрын меңгеріп, сын-сықақтарымен көпшіліктің көзайымына айналып жүргенін мақтан етеміз. Осы орайда «Жаңақорған тынысы» газетінің «Көк ине», облыстық «Сыр бойы» газетінің «Түрлі-түрлі бастар бар» сатиралық туындысы оқырманын күлкіге батырды. Оқырмандар құрметіне бөленген сатира сарбазының 70 жасқа толуына арналған «Сатираның сұр жебесі – ойы мәнді, сөзі нәрлі – Нұрмахан» атты салтанатты шара Шиелі аудандық «Салтанат сарайында» тойланды.

Тағылымды шарада аудандық мәслихат төрағасы А.Жандарбеков құттықтау сөз сөйлеп, қаламгерге деген ізгі лебізін білдірді.

– Халықтың талғамын басшылыққа алып, өміршең рухани дүниелерді жүрегімен жазатын қаламгерлер болады. Қазақтың арғы-бергі тарихында мұндай қайраткер қаламгерлер өте көп. Біз де өзіміздің қарымды қаламгер, сатирик, жазушы Нұрмахан Елтайдың еңбегін ерекше бағалаймыз. Ол Жазушылар одағының мүшесі. Журналистер одағының мүшелігінде тағы бар. «Ақпарат саласының үздігі». Республикалық Б.Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың лауреаты Н.Елтай бірнеше сатиралық және деректі кітаптардың авторы. «Жайма базар» жинағы мен «Қатырамыз», «Сүйінші дайындаңыздар», «Қияға қонған қыран», «Ауылдың айтқыштары», «Япырай, бұл қандай қызық?!», «Беті бүлк етті», «Үшінші тайм», «Беласар», «Сыпыра сыйлық», Сыр өңірінің еңбеккерлері туралы «Жаңарған өлкенің жасампаз ұрпағы», «Жәннат жер, Жайсаң жандар» атты деректі мақала, эссе жинақтарын, «Сөз семсері» атты мезгіл мәселелерінің мәнісін баяндаған сын-пікір, сараптамалық кітаптарын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Жазарыңыз таусылмасын, – деді ол.

«Қаламгерлер қауымының шығармалары бау-бақшаға ұқсаса, сыншы-сықақшылар бағбан сияқты. Бағбанның атқаратын жұмысы не? Арам шөбін жұлады, тазалайды, бірлі-жарым қисық өскен бұтақтарды қырқып отырады, уақытылы суарады, түбін қопсытып, баптайды. Құрт-құмырсқа өрмелеп шы¬ғып жемістерін жеп қоймас үшін сол ағаштың діңгегін көктемде әктеп қояды. Мұның бәрі сырт көзге ұсақтүйек көрінгенімен, қыруар жұмыс. Кешегі Асқар Тоқмағамбетов, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров, Сейіт Кенжеахметұлы, Қажытай Ілиясұлының кезінде барлық сықақшы бағбан сияқты әдебиеттің бау-бақшасынан шықпайтын. Артық-тыртықтарын жұлып тастап отыратын» деген екен белгілі сықақшы Көпен Әмірбек.

Дәл осындай қоғамның түйткілді тұстарын қалам қуатымен айшықтап жазып, астарына өмірдің шын бет-бейнесін жасырып, айналада болып жатқан түйткілді мәселені түйреп жеткізген сатирик, жазушы, журналист Нұрмахан Елтай елге сыйлы, қоғамда ойып алар орны бар шоқтығы биік азамат.

Сән салтанатымен өткізілген мерейтойға Қожа Ахмет Яссауи университетінің аға оқытушысы, күрестен спорт шебері, профессор Оңал Қынабайұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының директоры Қаршыға Есімсейітова, Қазақстан Жазушылар және Халықаралық Жазушылар одағының, сондай-ақ Журналистер одағының мүшесі Ермахан Әбдраман келіп, Нұрмахан Елтайдың шығармашылық әлемінен әңгіме шертті. Жаңақорғандық агроном-ардагер Алмасбек Нәлібаев пен Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын Дүйсенбек Аяшұлы өздерінің жылы әзілдерімен көтеріңкі көңіл- күй сыйлады.

Қарымды қаламгер биыл 70 жасқа толса, өзі редактор-директор болып отырған «Шарайна-Сейхун» газеті 10 жылдық белеске шықты. Шарада «Сыр Медиа» ЖШС ардагерлер ұйымының төрағасы Кенжәлі Ерімбет қаламгерге Қызылорда облысының «Құрметті ардагері» төсбелгісін тағып, «Сыр медиа» ЖШС бас директорының құттықтау хатын табыстады. «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы ақеден тілегін білдірді.

Ұзақ жылдар шығармашылық жұмыспен айналысқан ардагер-жазушы Нұрмахан Елтайдың еңбегі еленіп, «Ақпарат саласының үздігі», республикалық Балғабек Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың лауреаты, Астана қаласының – 10, Қазақстан Тәуелсіздігінің – 25, «Қызылорда облысына – 70 жыл» мерекелік медалі және «Қазақ журналистикасының қайраткері», М.Шолохов медалінің иегері. Облыс әкімінің 2011 жылғы стипендияты. «Алтын күз» жүлдесінің бірнеше мәрте жеңімпазы атанса, биыл «Тұран» сыйлығы берілді.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ЕЛІНІҢ ЕРКЕСАРЫСЫ

Мына өмірде қанша айтсаң да таусылмайтын, қайта айтқан сайын айтқың келе беретін адамдар болады. Ондай адамдар өздері өмірден өтсе де саналы ғұмырында жасаған игі істері қалады. Сондай жанның бірі әрі бірегейі – еңбек ардагері Еркесары Адыранова.

Мақаламызға арқау болып отырған Еркесары Адыранқызы 1939 жылы Қызылорда қаласына қарасты қазіргі Жақыпбек Махамбетов ауылында өмірге келген. Тарихты білетін адам бұл кездің өте ауыр шақ екенін бірден ұғынады. 1932-1933 жылдардағы аштықтан, одан қала берді 1936-1938 жылдардағы саяси құғын-сүргіннен әбден жүрекшайлы болып, қорқып қалған жұрт әлі еңсе тіктеп үлгермеген еді. Сол еңсе тіктемеген күйі Ұлы Отан соғысына ұласқан тарих бедері мүлдем ауыр кезеңге аяқ басты. Сұрапыл соғысқа қолына қару алып, Отанын қорғауға аттанған жауынгерлердің қатарында Еркесары апамыздың әкесі Адыран да бар еді. Бұл уақытта Еркесары апамыз небары 4 жастағы бүлдіршін екен. Әлі тұлғалы әкенің құшағында емірене еркелеп жатар, әке махаббатына бөленер сәби кез ғой. Ж.Махамбетов ауылының тумасы Сайлау Нұрсейітовтің облыстық «Сыр бойы» газетінде жарық көрген «Халқы құрметтеген қадірлі жан» атты мақаласында Адыран Найзақара баласының 1942 жылдың маусымында соғысқа аттанғанын, отбасында Әлимадай жары мен 5 жастағы Төлепберген есімді ұлы, Еркесарыдай қызы және құндақта Жансарыдай сәбиі қалғаны жазылған. Адыран Найзақараұлы сұрапыл соғыстан оралмаған, Отан қорғау жолында жанын берген жауынгер.

Соғыс жылдарындағы жағдайды, елдегі ахуалды, ауылдағы тірлікті сол жылдарда бала болғандар жақсы біледі. Өйткені олар үлкендермен бірдей еңбек етіп, бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін деп барын салды. Еркесары 4 жасар бүлдіршін болса да анасы колхоз жұмысына кеткенде бүкіл үй шаруасын атқарған. Мұны Сайлау Нұрсейітовтің облыстық «Сыр бойы» газетінде жарық көрген «Халқы құрметтеген қадірлі жан» атты мақаласын көріп отырмыз. «Ол кезде балаларды да жұмысқа алып баратын. Масақ теріп, шөп жинап, тарыны торғайдан қорғап олар да тыным таппайтын. Соғыс балалары осындай қиындықпен ерте есейді. Анасы Әлиманың жанында жүріп өмірге құштарлығы артты, қажыр-қайратын шыңдады», – дейді С.Нұрсейітов.

Әңгімемізге арқау болған Еркесары апай мектепті өте жақсы оқыған. Тәлімді, тәрбиелі, білімді оқушы болған. Мектептегі жылдары жайлы кейіпкеріміздің өзі жазған «Сыр бойының қызымын» атты кітаптан мағлұмат келтірейік. Ол кісінің өзі: «Сөйтіп жүріп біз оқу жасына да жетіп қалыппыз. Мектепке әуелі әкем мен шешемнің төлбасы Төлепберген, артынша мен, содан менің ізімді баса Жансары барды. Алланың жеткергені шығар, ағайынды үшеуміз де жақсы оқыдық, «оқу озаты» болдық. Мұғалімдеріміз әрбір тоқсан сайын және оқу жылының аяғында шәкірттерінің үлгерім қорытындысын жария ету үшін ата-аналарды жиналысқа шақырады. Қай ата-ана да жүрегін жарып шыққан перзентінің жақсы болғанын тілеп бағады ғой. Бар ғұмырын ұрпағының жолында жүрумен сарп етпей ме ата-ана. Жарықтық апам мұғалімдерімізден жақсы оқитынымызды, қатарының алды екенімізді есіткен сайын үйге қуанғанынан бізді айналып-толғанып, жан дүниесі елжіреп, марқайып келетін», – деп еске алған.

Еркесары Адыранқызы мектепті бітірген соң Орал қаласындағы кооперативтік сауда техникумына оқуға түсіп, оны үздік бітіріп шықты. Еңбек жолын 1962 жылы Киров атындағы ұжымшарда «Қызыл Октябрь» сельпосында аға есепші болып бастаған.

1962-1969 жылдары Сырдария аудандық тұтынушылар қоғамының сауда мекемесінде бас есепші болса, 1969-1995 жылдары аралығында Сырдария аудандық тұтынушылар қоғамының сауда мекемесінің директоры қызметін атқарды. Осылайша бір салада 40 жылға жуық абыройлы еңбек етіп, құрметті демалысқа шықты.

Көз көргендердің айтуына қарағанда, Еркесары апай табанды, талапшыл және өзі басқарған мекемесін алға сүйреген, ерлермен бірдей еңбек еткен жан. Білім саласының маманы Батырхан Остаевтың 2009 жылдың 3 сәуірінде «Ақмешіт ақшамы» газетіне жарияланған мақаласында: «Бұрын басқа сауда мекемелерінің соңында ілініп-салынып келген «Қызыл Октябрь» селпосы жоспарды орындауда алғы шепке шыға бастады. Аудан, облыс, республика көлемінде танымал сауда мекемесіне айналды», – деп кейіпкеріміздің еңбек жолынан хабар береді.

Сайлау Нұрсейітов: «Алпысыншы жылдардың басында ел ішінде үлкен азық-түлік тапшылығы болды. Халыққа сататын ұн болмай, күнделікті қажетті асқатық майы, жанармай, сабын, тағы басқа азық пен тауар карточкамен берілді. Бұдан кейінгі жылдарда да елді қамтамасыз ету оңайға түскен жоқ. Сондықтан бар салмақ ауылдағы сауда мекемелеріне түсті. Облыстағы сауда базасынан бөлінетін керекті заттар оңайлықпен беріле салмайды. Жақсы, өтімді тауарларды бөлуге облыстық тұтынушылар одағынан бастап, сауда базалары, обком мен аупартком араласатын. Кеңестік жүйеде сауда саласының қызығы мен шыжығы көп болатын. Ал тексерушілер саны одан аспаса кем түспейтін.

Заман түзеліп, ел экономикасы көтерілген кезеңде кооперацияларға түрлі кәсіппен айналысуға еркіндік берілді. Соның нәтижесінде сауда мекемелерінің жанынан нан цехы, тігін шеберханасы, қосалқы шаруашылықтар ашу қолға алынды. Сонымен қатар халықтан құрт, май, ірімшік жинап, дүкендерде сату жолға қойылды. Мұндай жұмыстарды Еркесары Адранова басқаратын Киров сауда мекемесі үлгілі ұйымдастырды. Мекеме шаруашылықпен бірлесе жұмыс істеп мал төлдету, егін егу, басқа да науқанды жұмыстарына қызмет көрсететін. Кооперация балабақша, аурухана, жазғы лагерь орындарына да қызмет жасады. Киров сауда мекемесінің өнегелі жұмыстарын көпшілікке тарату мақсатында мұнда бірнеше рет республикалық, облыстық семинар-кеңестер мен жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Директордың басшылығымен жүзеге асқан игі шаралар облыс, аудан тарапынан жоғары бағасын алды», – деп жазған.

Еркесары Адыранова ерен еңбегінің нәтижесінде ел қалаулысы Сырдария ауданының құрметті азаматы атанды. Мемлекеттің бірнеше наградасымен марапатталып, есімі Қазақстан Республикасының Алтын Құрмет кітабына жазылды. Зейнет демалысына шыққан соң да ел өміріне белсене араласып, халықты ауызбіршілікке, имандылыққа үндеді. Қажылық сапарға барып қайтты. Әкесінің жатқан жерін тауып, топырағын елге әкелді, дүйім жұртты жинап ас беріп, Құран оқытты.

Халықтың ауыз-бірлігін, ынтымағын, ымырасын бәрінен жоғары қойған, өзі де саналы ғұмырын сол жолға арнаған Еркесары Адыранова жайлы ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Махмұтбай Әміреұлы:

«Ақтаған ана сенімін,
Әкенің қалған арысы.
Жүрегі толы мейірім,
Елінің Еркесарысы», – деп жыр арнап, кейіпкеріміздің тұлғалық портретін аша түседі. Біз де сөзді осы жерден түйіндеп, халық қалаулысы, аяулы апай есімінің Маханбетов ауылындағы мектепке берілсе еңбек ардагеріне көрсеткен құрметтің жарқын көрінісі деп білеміз.

Өмірсерік ӘБУОВ,
Ақсуат ауылдық қоғамдық кеңес төрағасы

ФЕСТИВАЛЬ

Қорқыт және Ұлы дала сазы

Осы аптады Сыр елінде «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты түркітілдес елдердің халықаралық форльклордық-музыкалық өнер фестивалі өтті. Бірнеше күнге созылған фестивальдің ашылуы Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық драма театрында өтті.

Тағылымды шараға Түркия, Тыва, Саха, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен және Қазақстаннан 200-ге жуық өнерпаз қатысты. Бүкіл түркінің ортақ абызы – Қорқыт бабамыздың жаны жай тапқан қасиетті мекен, биыл түркітілдес туыстардың өнер шеберлерін алтыншы рет қабылдап отыр.

Фестивальға құрметті қонақ болып басты әрі рухани серіктес, «ТҮРКСОЙ» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев арнайы қатысты. Айта кетейік, халықаралық шараны ұйымдастырудың тұрақты қолдаушысы болған «ТҮРКСОЙ» ұйымының құрылғанына биыл – 30 жыл. Ұйым түркі әлемінің мәдени құндылықтарын тану, зерттеу, сақтау, дамыту бағытындағы ірі де ізгі жұмыстардың атқарылуына әрдайым ұйтқы болып келеді.

Фестивальді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ашып, ақжарма лебізін жеткізді.

– Баршаңызды түркі халықтарының мәдениеті мен өнерінің басын қосқан дәстүрлі фестивальдің ашылуымен, «ТҮРКСОЙ» ұйымын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Түркі халықтарының руханиятын насихаттаудағы еселі еңбектеріңізге табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін!

Туысқан халықтардың фольклорлық музыкалық өнерін дәріптеу, өзара мәдени байланысын нығайту мақсатында өткізілетін фестиваль арқылы қатысушылар бір-бірінің кешеден бүгінге жеткен мәдени қазынасының сырына қанығып, рухани кеңістігін кеңейтеді. Фестиваль өткізілген жылдар ішінде Қорқыт баба мұралары Біріккен ұлттар ұйымы жанындағы UNESCO-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енгізілген. Бұл – Қорқыттан қалған ұлы өнердің, Ұлы дала сазының мәңгілік өмірінің айқын дәлелі. Бастау алған сәттен бері қатысушылар үлкен ықыласпен күтетін фестивальдің биылғы кезеңі тәуелсіз Қазақстан тарихында өзіндік ерекше орны бар Қызылорда облысының 85 жылдығымен тұспа-тұс келді. «Сыр елі – жыр елі» атанған Сыр өңірі ел мәдениетінде жаңа даму үдерісінің көшін бастады. Араға 10 жыл салып, мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне арнайы «Тұран» сыйлығын табыстадық. Бұл дәстүр бұдан әрі жыл сайын өз жалғасын табады.

Фестиваль өткізілген жылдар ішінде Қорқыт баба мұралары Біріккен ұлттар ұйымы жанындағы UNESCO-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енгізілген. Бұл – Қорқыттан қалған ұлы өнердің, Ұлы дала сазының мәңгілік өмірінің айқын дәлелі. Бастау алған сәттен бері қатысушылар үлкен ықыласпен күтетін фестивальдің биылғы кезеңі тәуелсіз Қазақстан тарихында өзіндік ерекше орны бар Қызылорда облысының 85 жылдығымен тұспа-тұс келді. «Сыр елі – жыр елі» атанған Сыр өңірі ел мәдениетінде жаңа даму үдерісінің көшін бастады.

Археолог ғалымдардың ұсынысымен Сырдария сақтарын асқан көркемдігімен тамсандыратын «Шірік Рабат Алтын адамы» және Алтын Орда кезеңіндегі Ұлы дала көшпенділерінің өркениетін паш ететін «Сығанақ ханшайымының» алтын мүсіндерін қараша айында облыстық музейге табыстаймыз. Жәдігерлер Сыр өңірінің басты брендіне айналады, – деді облыс әкімі.

Айтулы шарада қазақ халқының ұлттық өнерін халықаралық деңгейде дәріптеп жүрген жыраулар Алмас Алматов, Елмұра Жаңаберген, Ұлжан Байбосынова, «Хассақ» этно-фольклорлық тобы және Сыр елініндегі жыраулық мектептің көрнекті өкілдері де өнер көрсетті. Қорқыт ата мұрасын насихаттаушы Раушан Оразбаева, Мақсат Мұхаммеджандар Қорқыт бабамыздың күйлері мен жырларын нақышына келтіріп орындады.

Рухани кеш «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фестивалінің гимнімен түйінделді.

Айта кетейік, бұдан бұрын фестиваль қонақтары 205 жылдық тарихы бар Қызылорда қаласының көрікті жерлерін аралап, облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі «Тұран таңбалары» атты этно-археологиялық көрмемен танысқан болатын. Мұнан әрі Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасындағы «Түркі әлемінің бесігі» атты кітап көрмесін тамашалап, жоғарғы және арнаулы оқу орындарында шеберлік дәрісін өткізді. Көрмеде түркі әлемінің бірлігі, теңдігі және бауырластығы идеясын, түркілер тарихы мен ортақ мәдени, ғылыми еңбектер, тарихи-мәдени басылымдар назарға ұсынылды. Дәстүрлі шара Қармақшы ауданында «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінің гала-концертіне ұласты.

Сыр өлкесін атажұрт санайтын түркітілдес ағайындар аймағымыздың тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ бүгінгі тұрмыс-тіршілік сипатына айрықша ден қойып, жоғары баға берді. Фестивальдің қорытынды кеші Қармақшы жерінде өтті.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

АМАНАТ ЕТІЛГЕН ЕСТЕЛІК

Әлі есімде, кешті жоғары мінберден Шара Жиенқұлова мен Дәмеш Ермекова-Жүргенова – жарыс сөздерге шыққандар мен естелік айтушылар, баяндама жасаушылардың сөздерін толықтырып отырған болатын. Жоғарғы сахна төрінде отырған екі апамыздың бақыт пен қуаныштан бал бұл жанған бейнелері залдағы отырған біздерге анық байқалып тұрды.

Әсерлі кештен соң қазақ елінің мақтанышы, композитор, күйші Н.Тілендиевтің жетекшілігімен «Отырар сазы» оркестрінің концерті болып, көпшілікті тамсандырғаны бар еді. Сонда Нұрғиса атамыз кешке байланысты тақырыпты терең қозғай отырып, салтымыз бен дәстүріміздің сақталуы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы осындай қайраткерлердің еңбектері мен қызметтерінің жемісі екендігін айтты. Көрермендерді орындалатын күйлердің қыр-сырымен таныстырып, қысқаша әңгімелеп беріп отырғаны есімде.

Әсерлі кештен соң «Қазақстан» қонақ үйінің мейрамханасында қонақасы беріліп, дұға оқылды.

Сонда Дәмеш апамыздың дауысы дірілдей түсіп, туған еліне қызмет көрсетушілерге рахмет-алғысын білдірген еді.

– Аталарыңның жүріп өткен жолдарын ұмытпаңдар, есте сақтап, айта жүріңдер, – деп көзі жасаурап, толғаныста тұрып қалғаны күні кешегідей көз алдымда.

Бұл Дәмеш апамыздың ең соңғы қоштасу сөзі болғандай. Арада тым аз уақыт ішінде қайраткердің асыл, адал жары Дәмеш Ермекова-Жүргенова көз жұмды деген хабар алдық.

Айтса айтқандай-ақ, Дәмеш апамыздың сөзі мен асыл армандары бұл күндері орындалып жатқандығы белгілі.

Айтпақшы, осы мерейлі жылға орай өнер академиясына Темірбек Жүргеновтің есімі беріліп, қуанғанымыз бар. Бұған дейін қала, аудан орталықтарында мектеп, көшелерге есімі берілген болатын.

Дәмеш апа күндіз біраз уақыт үнемі есігін ішкі жағынан ілмей-ақ ашық отырушы еді.

– Есігіңіз ілінбейді ме? – деген сұрағыма:

– Бір мезгіл ашық тұра берсін. Ел жақтан келем деушілер келіп, іздеп қалса, бөгелмесін, – дейтін.

Кең пейілді ақ көңіл жан – Дәмеш апамыздың үйіне сағынып, асыға баратынбыз. Сол үйде бас қосып, қуанып қалатынбыз.

Жүрегі жылылыққа толы мейірімді Дәмеш апамды соңғы сапарға шығарып салуға Ырғыз бен Сыр, Арқа мен Алматыдан қалың жұртшылық жиналды. Қаралы қоштасу жиыны Алматыдағы оқу орнының бірінде өтіп, қазақ халқының зиялы қауым өкілдері А.Тоқпанов, Ө. Қанахин өздерінің жүрекжарды сөзімен көптің көңілін босатты.

...Өткенге көз жіберсек, елден келген бір топ аналарымызды Дәмеш апам соңынан ертіп, бәрі бірге Алматыда қуғын-сүргін құрбандарының сүйегі лақтырылған жеріне келеді. Бірақ ну қамыстан әрі қарай өтіп жақындай алмағандықтан тұрып қалады. Сонда Дәмеш апам қамыстарды саусақтарымен ашып, итеріп сығалай түсіп:

– Жаным-ау, сендерді де елдеріне алып кетіп, арулап қоятын күн туар ма екен, аяулы, ардақты досым Темкем сені де еліңнен іздеп арулайтын азаматтар табыла ма екен? Ас беріліп, есімің есте сақталар ма екен? Бұл қолымнан келмей тұр. Қош сау бол, – деп жылағаны бар екен.

Бұл естелік көріністі маған анам айтты. Ал мен көпшілікке баяндадым.

... 1988 жыл болатын. Арада он жыл сырғып өтті. 100 жасқа толуына орай Темірбек Жүргеновті еске алу шарасы Жалағаш ауданында ерекше сипатта өтті. Бұл кездесуде қара сөздің шебері Қалтай Мұхамбетжанов сөз сөйледі.

Осы мерейлі жылға орай ақындар мүшәйрасы жарияланып, жерлес ақын Әскербек Рахымбекұлының «Жүргеновтің соңғы монологы немесе ақырет жыры» деп аталатын өлеңі бас жүлдеге ие болып:

Жұртым-ай,
Артымнан ас берілер ме?!
Күмбезім көк кірпіштен өрілер ме,
Көк күмбез күндік жерден көрінер ме,
Бізсіз де өрлей берер өмір өрге,
Жетер ме соңғы сөзім менің елге,
Сөзімді естіп жұртым ертең егілер ме?

Тебіреніске толған өлең жолдарына халық бас изеп, қайран қалды. Аудан тұрғындары келген қонақтарға ыстық лебізін білдіре отырып, тігілген қазақы үйлерде қарсы алып қонақ күту кәделерін жасап, қимастықпен шығарып салды.

Басы 1-бетте

Замзагүл ИБРАГИМҚЫЗЫ

КӨРШІ ЕЛДЕН ХАБАР:
Ташкент әуежайындағы жарылыс

Ташкент әуежайындағы кедендік қоймада алапат жарылыс болды. Gazeta.uz басылымының хабарлауынша, жарылыс салдарынан көпқабатты үйлердің терезесі мен есіктері қираған.

Жарылыстан зардап шеккендер бар. Бұл оқиға орнына жедел жәрдем көлігі де көптеп келген. Жарылыстан кейін тұтанған өртті сөндіру жұмыстары жүрді.

Өзбекстан төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, төтенше жағдай 28 қыркүйекте сағат 2:43-те болған. Жарылыс дауысы бірнеше шақырымға дейін естілген. От жалыны өзге аудандардан да көрініп тұр.

Әуежайға 16 өрт сөндіру-құтқару бригадасы жіберіліпті. Сондай-ақ ведомство өкілдері ұшақ құлағаны туралы ақпаратты жоққа шығарды.

Uzbekistan Airports компаниясы жарылыстың әуежай жұмысына кедергі келтірмегенін хабарлады.

А.БЕК

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

4 күнде 58 құқық бұзушылық

Қызылордалық полицейлер жүргізген «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында заңнамаларды бұзудың 58 дерегі анықталды. Ақпаратты облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі ұсынып отыр.

Биылғы жылдың қыркүйек айының 10 мен қазан айының 10күндері аралығында облыс көлемінде «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның басты мақсаты – табиғат қорғау заңнамасын бұзушылықтарды, биологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымын анықтауға және жолын кесуге, экологиялық қылмыстарды ашуға бағытталған.

– Жүргізілген рейдтік шаралардың барысында полицейлер 14 күнде табиғат қорғау заңнамаларын бұзушылықтың барлығы 58 дерегін анықталан, 2 қылмыстық іс және 56 әкімшілік құқық бұзушылық. Оның ішінде жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау қағидаларын бұзудың (ҚР ӘҚБтК-нің 382-бабы) 32дерегі анықталды.Заңсыз балық аулау (ҚР ӘҚБтК-нің 383-бабы) бойынша 18 әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұлдар салынды, – дейді полиция департаментіндегілер.

Қоғамдық орындарды ластаған 3 мыңнан астам тұрғын жауапкершілікке тартылған

Қызылордада жыл басынан қоғамдық орындарды ластаған 3 мыңнан астам тұрғын жауапкершілікке тартылған. Бұл туралы облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Облыс әкімінің бастамасымен аймағымызды абаттандыру және көркейту бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен ортақ пайдаланылатын орындарды ластау деректері жиі орын алуда. Статистика көрсеткендей, жыл басынан облыста қоғамдық орындарды ластағаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 434-2-бабында көзделген әкімшілік жауапкершілікке 3086 адам тартылды. Олардың 179-ы бір жыл ішінде қайталап, құқық бұзушылық жасаған.

А.АҚЫЛБЕК

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3101 Тапсырыс №

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА